

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 22 желтоқсандағы N 1671 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексі(Салық кодексі) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді :

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақтағы "зейнетақы жарналарын" деген сөздерден кейін "есептеудің," деген сөзбен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінде:

тақырыбындағы "зейнетақы жарналарын" деген сөздерден кейін "есептеудің," деген сөзбен толықтырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

"зейнетақы жарналарын" деген сөздерден кейін "есептеудің," деген сөзбен толықтырылсын ;

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне" (Салық кодексі)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"зейнетақы жарналарын" деген сөздерден кейін "есептеудің," деген сөзбен толықтырылсын ;

2-тармақтың бірінші абзацындағы "заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар" деген сөздер "жеке кәсіпкерлер,

адвокаттар, жеке нотариустар" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын заңды тұлғалар, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар қызметкерлерге төленетін табыстан міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуге және ұстап қалуға және оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына (қызметкер ұсынған зейнетақы шартының көшірмесі негізінде) аударуға міндетті.

Жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар өздері үшін міндетті зейнетақы жарналарын ай сайын есептеуге және оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуға міндетті.

Республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын және 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметте, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында 10 жылға жетпейтін қызмет стажы бар әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу және аудару "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Ұстап қалынған міндетті зейнетақы жарналарын жинақтаушы зейнетақы қорларына:

заңды тұлғалар (заңды тұлғалардан - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерден басқа) және жеке кәсіпкерлер (шағын бизнес субъектілері мен шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатындардан басқа), сондай-ақ адвокаттар мен жеке нотариустар жалдамалы қызметкерлерге төлейтін табысынан - есептіден кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

жеке кәсіпкерлер (патент немесе оңайлатылған декларация негізінде шағын бизнес субъектілері мен шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатындардан басқа), сондай-ақ адвокаттар мен жеке нотариустар өздері үшін - есептіден кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

заңды тұлғалар - ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер арнаулы салық режимін қолданатын шаруа (фермер) қожалықтары - Салық кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде;

арнаулы салық режимін жеңілдетілген декларация негізінде қолданатын шағын бизнес субъектілері - есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесі күнінен кешіктірмейтін мерзімде;

арнаулы салық режимін патент негізінде қолданатын жеке кәсіпкерлер, - Салық кодексінде патент құнын төлеу үшін көзделген мерзімде төлеуге міндетті.

"

4-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Банктерде шоттары жоқ жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен нотариустар міндетті зейнетақы жарналарын, оларды кейіннен осы Ереженің 7-тармағында белгіленген тәртіппен тиісті жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару үшін банкке қолма-қол ақшамен салуға құқығы.";

5, 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және төлеу мынадай ставкалар бойынша жүзеге асырылады:

заңды тұлғалар, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде алынған кірісті қоса алғанда, қызметкерге ақшалай немесе заттай түрде төлейтін кірістің, сондай-ақ біржолғы төлемдер (еңбекақы төлеу бөлігінде) түрінде төленетін кірістің он пайызы мөлшерінде, бірақ заңнамалық кесімде белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің он пайызынан кем емес;

жеке кәсіпкерлер өздері үшін - Салық кодексіне сәйкес белгіленетін, салық салынатын кірістің он пайызы мөлшерінде, бірақ заңнамалық кесімде белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің он пайызынан кем емес;

адвокаттар мен жеке нотариустар өздері үшін - Салық кодексіне сәйкес белгіленетін кірістің он пайызы мөлшерінде, бірақ заңнамалық кесімде белгіленген ең төмен жалақы мөлшерінің он пайызынан кем емес.

Шағын бизнес субъектілері мен шаруа (фермер) қожалықтарына арналған арнаулы салық режимдерін қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қолданылатын кірістің мөлшері заңнамалық кесімдерде белгіленген ең төмен жалақы мөлшеріне теңестіріледі.

6. Салық кодексінің 144-бабының 1-тармағының 3), 10), 11), 15-17), 23, 25, 26, 27, 29, 34-тармақшаларында және 316-бабының 1-тармағының 4), 5) тармақшаларында белгіленген төлемдерден жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары ұсталмайды.";

10-тармақтағы "заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік және өзге де қызметпен айналысатын жеке тұлғалар" деген сөздер "жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке нотариустар" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақ алынып тасталсын;

16-тармақта:

бірінші абзацтағы "салымшы/алушының" деген сөздерден кейін "немесе жинақтаушы зейнетақы қорының" деген сөздермен толықтырылсын;

бесінші абзацтағы "қате жіберілген төлем құжаттары мен жеке тұлғалардың тізімдерінің көшірмесін" деген сөздер "салымшы/алушының дұрыс және қате

деректемелері мен осы салымшы/алушының бұрын аударылған зейнетақы жарналарының барлық сомаларын төлем тапсырысының деректемелеріне (нөмірі, күні, жалпы сомасы мен салымшы/алушының жеке сомасы) сілтеме жасап көрсете отырып, осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша анықтама-растаманы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бөліммен және 37-тармақпен толықтырылсын:

"6. Міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және аудару жөніндегі құжаттарды сақтаудың тәртібі

37. Заңды тұлғалар - міндетті зейнетақы жарналарын төлеушілер ұсталған және аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы, оның ішінде қате төлемдерді қайтару туралы мәліметтерді электронды және қағаз таратқыштарда заңнамада белгіленген тәртіппен сақтауға міндетті.

Заңды тұлғаны - міндетті зейнетақы жарналарын төлеушіні таратқан кезде міндетті зейнетақы жарналарын ұстау және аудару туралы құжаттар Мемлекеттік мұрағатқа беріледі." .

2. Осы қаулы 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1671 қаулысына

қосымша

Ескерту. Қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.30. N 659 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз).